

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан
мемлекеттік медицина университеті

Факультет: жалпы медицина

Кафедра:

Студенттің өзіндік жұмысы

Тақырыбы: Ашық бас-ми жарақаттарын
анықтау және жедел жәрдем көрсету алгоритмі

Орындаған: Жұмағұлова Асылжан

Изматова Минавара

Душманов Алтынбек 516 “Б”

Қабылдаған: Каниева К.Н

Ақтөбе – 2016 жыл



Жоспар:

I. Кіріспе

II. Негізгі бөлім

- 1) Ашық бас-ми жарақаты туралы жалпы түсінік
- 2) Ашық бас-ми жарақатының клиникасы
- 3) Ашық бас-ми жарақатын анықтау
- 4) Ашық бас-ми жарақаты кезінде жедел жәрдем көрсету алгоритмі

III. Қорытынды


IV. Пайдаланған әдебиеттер тізімі

Кіріспе:

Бас ми жарақаты – бастың зақымдалуы кезінде дамидың симптомкомплекс.

Жабық бас ми жарақаты бас терісінің бүтіндігінің бұзылмағандығымен, геморрагиялық сұйықтықтың жоқтығымен, яғни мұрын, құлақ жолдарынан геморрагиялық сұйықтық ағуы болмауымен ерекшеленеді. Жоғарыда келтірілген белгілерінің біреуі болса, көрінсе - бас ми жарақатын ашық деу керек.

Ашық бас – ми жарақаты – бастың жұмсақ тіні және бассүйектің апоневроз (шандыр) дулығасының бүтіндігі бұзылуы жатады, ол сынық аймағына сәйкес келеді. Ми жарақатының өтпелі зақымдануына бассүйектердің сынуы және мидың қатты қабығының зақымдануы жатады



Жіктемесі - клиникалық көрінісінің ауырлығына байланысты:

- 1 дәрежесі (төменгі немесе аз қауіп) – аздаған бас ауырулары немесе болмауы, жүрек айну және қысқа уақытқа құсулар, есін жоғалтумен жалғасады(секундтар) баста соғылу белгілері болуы мүмкін
- 2 дәрежесі (орташа қауіп) – есін жоғалту 1 минуттан ұзақ, үдемелі бастың ауыруы, ұйқышылдық, 3 реттен артық құсу, бас айналу, аз уақыттық еске сақтау қабілетінің жоғалуы болуы мүмкін. Бас сүйегінің сыну белгілері, бет қаңқасы сүйектерінің зақымдалу белгілері, көптеген жарақаттар болуы мүмкін.
- 3 дәрежесі – неврологиялық белгілері, бастың енген жарақаттары

Қауіп-қатерлі факторлар:

- Жол апатынан болатын политравма
- Алкогольдық немесе наркотикалық мас болу
- Эпилепсиялық ұстамасы болғанда
- Күнделікті жарақат
- Құлау және спорттық жарақат



Оқиға орнында жағдайды бағалау, травматогенезді бағалау, жәбірленушіні тыңғылықты тексеру. Қолда бар белгілердің негізінде бас ми жарақатының ауырлығын бағалау.

Мынадай белгілердің болуы айқын байқалады:

- бас ауыру;
- есінің бұзылуы мүмкін;
- бас айналу;
- ұйқышылдық;
- әлсіздік;
- жүрек айну;
- кұсу;
- ес жоғалту;
- тұрақты немесе қысқа уақыттық амнезия.



- ❖ Бастың шашты бөлігінде жырылулар, гематомалар, жарақаттар. Бір немесе екі жақтық параорбиталдық гематомалар («көзілдірік»). Бір немесе екі жақтық құлақ тесіктерден, мұрын жолдарынан қанды бөлінулер.
- ❖ Психоэмоционалдық қозу. Тырысу ұстамалары, тырысу ұстамасына дайындық. Анизокория және нистагм. Рефлекстердің ассиметриясы. Тыныстың тереңдігі мен реттілігінің бұзылуы, апноэ.
- ❖ Төменгі жақтың салбырауы, құсу, құсық массасының аспирациясы, жөтел. Гипертензия, брадикардия. Қан айналымның декомпенсациясы, гипотензия. Тахи (бради)-кардия.



Алғашқы көмек:

Ес жоғалтқанда және құсу болғанда – тұрақты бүйірлік қалып, ол құсық массасының жеңіл кетуіне көмектеседі және аспирациялық пневмонияның алдын алады.

Шок кезінде, терминалдық жағдайда және клиникалық өлім кезінде - инфузиялық ем, жүрек - өкпе реанимациясы көрсеткіштер бойынша.

Психомоторлық қозу кезінде, тырысулы синдром кезінде, тырысуға дайындық кезінде – атропин 0,1% ерітіндісі 0,5-1 мл тері астына, диазепам 0,5% ерітіндісі 2-4 мл бұлшықетке (көк тамырға).

Гипертензиялық синдромда – фуросемид 1% раствор 2-4 мл көк тамырға.

Ауыру синдромында – кеторолак бұлшықетке немесе трамадол 0,5% ерітіндісі 2-4 мл (100-200 мг) бұлшық етке (көк тамырға).


Сыртқа тыныс бұзылысында – ауыз жұтқыншақтың санациясы, ауа үрлегіш. Жара кезінде - асептикалық таңу.

Жоғарыда келтірілген емдік іс-шараларды жүргізгеннен кейін, ең жақын стационарға зембілде функционалдық тиімді қалыпта шұғыл түрде жеткізу керек.

Қорытынды:

Пайдаланган әдебиеттер тізімі:

- 1) Интернет материалдары
- 2) Тұрланов К.М, Қалқабаяева С.А «Жедел медициналық жәрдем беру» Алматы- 2004 жыл
- 3) «Руководство по скорой медицинской помощи» Багненко С.Ф Москва – 2008
- 4) «Скорая медицинская помощь» Верткин А.Л Москва - 2007



*Назар аударғандарыңызға
көп рахмет!!!*

